

## Мұнай-газ секторының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 наурыз N 205а

Мұнай-газ секторында басқаруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы туралы" 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 Р970410\_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:  
" Қ а з Т р а н с О й л " Ж А Қ  
деген жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен, бір апталық мерзім ішінде:

1) осы қаулының 1-тармағын орындау мақсатында "Қазақойл" ұлттық

мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын азайтуды;

2) "ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамын "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания" жабық акционерлік қоғамы деп қайта атауды;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізуді;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК